

Шарбақты ауданы Алексеевка ауылдық округінің Алексеевка ауылындағы көше атын қайта атау туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы Алексеевка ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 ақпанда № 4927 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, 2015 жылғы 2 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысына сәйкес **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шарбақты ауданы Алексеевка ауылдық округінің Алексеевка ауылындағы "Мир" көшесі "Иван Быкмухамбет" көшесі деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алексеевка ауылдық округінің әкімі

С. Шахметова